

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі
2025 жылғы 7 наурыз, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының
өкілдері!**

Құрметті журналистер!

Қайырлы күн.

Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті **базалық мөлшерлемені жылдық 16,5%-ке (он алты жарым процентке) дейін көтеру туралы шешім қабылдады.**

Бұл шешім инфляция мен экономикалық өсу болжамдарын ескере отырып қабылданды. Сондай-ақ біз ағымдағы макроэкономикалық жағдай мен тәуекелдер балансын кешенді бағаладық.

Соңғы айларда инфляциялық қысым күшейді. Бағалар жедел қарқынмен өсуде, әсіресе қызметтер бөлігінде инфляция жоғары. Базалық инфляция мен маусымдық факторлардан тазартылған инфляцияның динамикасы жалпы экономика бойынша баға қысымының артқанын көрсетіп отыр. Инфляциялық күтулер тұрақсыз және жоғары күйінде қалуда.

Тұтынушылық кредит және бюджет шығыстарының артуы салдарынан ішкі сұраныс жоғары қалпында тұр. Бұл инфляциялық процестерді күшейтеді. Салық-бюджет реформасы және іске асырылып жатқан баға мен тарифтік реформалар да инфляцияға қосымша қысым көрсетеді. Осы жағдайлар инфляцияны 5%-тік таргетке қайтару процесін баяулатады.

Сыртқы тәуекелдер де бұрынғы қарқынын сақтап тұр. Ресейде де инфляция жоғары. Әлемдегі азық-түлік бағасы тұрақсыз динамиканы көрсетуде. Сонымен қатар, әлемдегі тарифтік және сауда қақтығыстары инфляциялық қысымның маңызды факторы болып табылады.

Осылайша, барлық негізгі көрсеткіштер қазір **баға қысымының айтарлықтай өскенін** көрсетіп отыр. Осыған байланысты ағымдағы жиынтық ақша-кредит шарттары **айтарлықтай жұмсарды**.

Бұл жағдайда бізге батыл әрекет ету қажет. Кем дегенде ақша-кредит саясатының **ұстамды қатаң деңгейін** қалпына келтіру керек. Бұл маңызды қадам, ол инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға, бағаның жедел өсу трендін тоқтатуға және инфляциялық спираль қаупін болдырмау үшін маңызды. Сонымен қатар, бұл **халықтың еңбекақысы мен жинақтарының сатып алу қабілетін** сақтауға жағдай жасайды. Сондай-ақ теңгелік активтерге деген сенімді нығайтуға көмектеседі.

Қазіргі таңда шешім қабылданбауы болашақта неғұрлым қатаң шараларды қабылдау қажеттігіне алып келеді. Инфляцияның нысаналы деңгейге дейін төмендеу траекториясына оралуы ақша-кредит саясатын кезең-кезеңімен және реттелген түрде жұмсартуға мүмкіндік береді. Алайда, оның мерзімі нақты баға динамикасына және тәуекелдер балансына байланысты. Біз деректерді талдау негізінде және инфляцияның нақты көрсеткіштерінің болжамды траекторияға сәйкестігін ескере отырып, дәйекті әрі жүйелі түрде шешім қабылдайтын боламыз.

Енді шешім қабылдауға негіз болған факторларға тоқталып өтейін.

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

Ақпанда жылдық инфляция біз белгілеген болжамнан жоғары қалыптасып, 9,4%-ке дейін жеделдеді. Бағаның өсуі инфляцияның **барлық компонентіне** әсер етті. Инфляцияның жеделдеуіне **қызмет секторы** айтарлықтай үлес қосып, бағаның өсу қарқыны екі таңбалыға айналды.

Биыл ақпанда сервистік инфляция 14,1%-ке жетті. Соның ішінде бағаның айтарлықтай өсуі реттелмейтін қызметтер сегментінде байқалады – жылдық мәнде 12,4%.

Сервистік инфляция – тұтынушылық сұранысты ең айқын көрсететін құрамдас бөлігі, ол жанама түрде азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын инфляцияға да әсер етуі мүмкін.

Айтарлықтай қымбаттау демалыс және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру қызметтерінде, мейрамханалар мен қонақ үйлерде, жеке қызмет көрсету саласында және тұрғын үйді жалға беру секторында тіркелді.

Азық-түлік инфляциясы ет, көкөніс, қант, май мен тоң май сияқты тауарлар бағасының өсуінен 6,5%-ке дейін жеделдеп, инфляцияға айтарлықтай үлес қоса бастады. **Азық-түлікке жатпайтын компонентте** инфляция 8,7%-ке дейін өсті. Бұл теңгенің әлсіреуін және жоғары тұтынушылық сұранысты көрсетеді.

Айлық инфляция 1,5% деңгейінде қалыптасты. Ақпан айы бойынша тарихи көрсеткіш – 0,7%.

Маусымдық факторлардан тазартылған бағаның бір айдағы өсуі жылдық мәнде 16,9% деңгейіндегі инфляцияға сәйкес келеді, осыдан инфляциялық қысымның ауқымын көруге болады.

Базалық инфляция да жедел өсуде. Ақпанда орташа көрсеткіш **1,1%-ке** жетті, бір жылға шаққанда бұл көрсеткіш инфляцияның **14,2%-іне** сәйкес келеді. Осы үрдіс өткен жылдың соңынан бері сақталып, монетарлық инфляция бөлігінде инфляциялық процестердің тереңдегенін көрсетіп отыр.

Баға динамикасын талдау да инфляциялық қысымның жоғары екенін білдіреді. Баға өсімі 5%-тен аспайтын, яғни инфляцияның нысаналы деңгейіне сай келетін тауарлар мен қызметтердің үлесі 28%-ке дейін қысқарды. Ал өткен жылғы

сәуірде дезинфляциялық үрдістер байқалып, көрсеткіш 62% болды. Бұл кең ауқымды тауарлар арасында бағаның жедел өсуін және факторлардың әлсірегенін көрсетеді.

Инфляциялық күтулер жоғары болып қалуда. Алдағы жылға инфляция бағасы **13,7%-ті** құрап, халықтың қабылдайтын инфляциясы 12,4%-ға дейін жеделдеді. Осы жылдың қаңтар айында ол 11,3% болған еді. Бесжылдық күтулер 13,5% деңгейінде қалыптасып, олардың ұзақмерзімді жоғары бекітілу қаупін арттырады және инфляцияға ортамерзімді кезеңде қосымша проинфляциялық қысым көрсетеді.

Халықтың инфляциялық күтулерінің өсуі жанар-жағармай бағасын ырықтандыру туралы жаңалықтар, айырбас бағамының әлсіреуі, қосылған құн салығын арттыруды қоса алғанда, салық реформаларының белсенді талқылануы, сондай-ақ тарифтік реформаның жалғасуы аясында орын алды.

Қаржы нарығына **кәсіби қатысушылар** да өз бағалауларында осы факторларды ескеріп, инфляциялық тәуекелдердің жоғарылауынан өз болжамдарын өсу жағына қарай түзетті, яғни бағалар ауқымын кеңейте отырып, биыл инфляцияны 8,7% деңгейінде бағалады.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

Қысқамерзімді экономикалық индикаторға сәйкес қаңтарда экономика **4,5%-ке** өсті. Белсенді фискалдық

ынталандырудан және жаппай кредит беруден туындаған тұрақты ішкі сұраныс экономиканың өсуіне бірден-бір себеп болды. Сұраныстың өсуі тауарларды өндіру және қызметтерді көрсету мүмкіндігінен асып түсті. Бұл динамиканы кәсіпорындардан алынған сауалнаманың нәтижелеріне сай қалыптасқан индикаторлар да растайды, яғни ақпанда іскерлік белсенділік индексі және экономикадағы сұраныстың өзгеру көрсеткіші күрт өсті.

Сұраныс бөлшек сауда айналымының динамикасына, ұзақмерзімді тауарларды сатып алуға және жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділікке қарай артып келеді.

Артық сұраныс қысымының негізгі факторы тұтынушылық кредиттеу болып қалып отыр, оның өсім қарқыны өткен жылы 33,5%-ды құрады. Ал екінші деңгейлі банктердің корпоративтік кредиттеуі 2024 жылы 16,3%-бен бірқалыпты қарқында өсті. Дәл осы тұтынушылық кредиттеудің жедел кеңеюі артық сұранысты қалыптастырып, инфляциялық қысымды күшейтуде.

Биыл Ұлттық қордан алынған 5,25 трлн теңге трансферттер көлемі ескерілген фискалдық саясаттың белсенділігі де сұранысты қолдауды жалғастырады.

Инвестициялық белсенділік қарқыны артып келеді. Былтыр 4-тоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты өсімі 18,8%-ке дейін жеделдеді. Инвестициялық белсенділіктің маңызды драйверлерінің бірі – көлік және қоймада жинау, білім беру, жылжымайтын мүлікпен

жасалған операциялар және сумен жабдықтау инфрақұрылымына байланысты салаларға жұмсалған күрделі салымдар. Бюджет шығыстарынан алынатын бұл инвестициялар ортақ сұранысты кеңейту арқылы инфляциялық қысымды күшейтеді.

Оң позитивті фактор ретінде өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялардың өсуін атап өтуге болады, өткен жылы бұл көрсеткіш 24,1%-ды құрады. Бұл инвестициялар өндірістік қуаттың өсуіне ықпал етіп, ұзақ мерзімді перспективада дезинфляциялық әсер етеді. Алайда, олардың көлемі сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін өзгертуге **жеткіліксіз**, сондықтан жалпы инвестициялық өсім проинфляциялық қарқын болып қала береді.

Нақты сектордың инфляциялық қысымы қалыпты деңгейде сақталуда. Бірқатар салаларда еңбек өнімділігі жалақының өсуінен асып түсіп, бағаларды тежейтін әсер етеді. Ал байланыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, қоғамдық тамақтану салаларында жалақының өсуі өнім алудан жоғары болып, инфляциялық тәуекелдер туғызып отыр.

Инфляцияға әсер ететін тағы бір маңызды фактор – импортқа жоғары сұраныс. Теңге әлсіреген жағдайда бұл тауарлардың, әсіресе азық-түлікке жатпайтын тауарлардың қымбаттауына алып келеді.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ОРТА ФАКТОРЛАРЫ.

Сыртқы инфляциялық қысым күшейе түсті. Оның негізгі себебі – негізгі сауда серіктесіне жататын Ресейде

инфляцияның өсуі және азық-түлік пен энергия ресурстарына әлемдік бағаның өсуі.

ФАО азық-түлік бағасының индексі соңғы айларда баяулағанмен, өткен жылдың деңгейінен жоғары болып қалуда. Дәнді дақылдардың бағасы күткен болжамнан төмен қалыптасты. Бұл бидайға импорттық сұраныстың әлсіз болуына байланысты. Дегенмен, орта мерзімді перспективада сұраныстың артуына қарай өнім қоры қысқарған сайын климаттық тәуекелдер мен белгісіздіктің туындау ықтималынан бағаның бұдан әрі өсуі күтілуде.

Ресейдегі инфляциялық қысым жоғары болып қалуда. Қаңтарда жылдық инфляция 9,9%-ке дейін жеделдеді. Ресей ақша-кредит шарттарын қатаңдатып, **кредит берудің барлық түрін суыта бастады және ақша жинақтауды ынталандыра түсті.** Бұл бағаның өсу қарқынының баяулауына алғышарттар жасайды. Дегенмен, РФ Орталық банкінің болжамына сәйкес, 2025 жылдың соңына қарай инфляция 7-8% деңгейінде болады. Ол олардың нысаналы көрсеткішінен айтарлықтай жоғары. Яғни, бұл біздің негізгі сауда-экономикалық серіктесімізде **ақша-кредит саясатының ұзақмерзімді қатаң болуын** талап етеді.

Жетекші орталық банктердің ақша-несие саясаты әлі де ұстамды күйде қалып отыр. 2025 жылдың 6 наурызында Еуропалық орталық банк негізгі мөлшерлемелерді қосымша 25 базистік пунктке төмендетіп, саясатты жұмсарту циклін жалғастырды. Дегенмен, реттеуші кейбір секторларда бағаның

тұрақты өсу серпінін (инерциясын) және АҚШ-тың сауда шектеулерінің ықтимал салдарын ескере отырып, теңдестірілген ұстанымды сақтауда.

Ал **Федералды резервтік жүйе** болса, **қатаң позицияны ұстанады**. Биыл қаңтарда АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесі мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырды. АҚШ-тың сауда саясатындағы инфляциялық тәуекелдер мен өзгерістерді ескерсек, мөлшерлеме ұзақ уақыт бойы шектеулі деңгейде қалуы мүмкін.

Мұнай нарығы тұрақсыз болып қалды, ал баға динамикасы көп бағытты факторлардың әсеріне ұшырауда.

Қытайдан сұраныстың баяулауы бағаларға төмен қысым көрсетуде. ОПЕК+ шектеулерінің әлсіреуі, Солтүстік және Оңтүстік Америкада мұнай өндірудің кеңеюі де нарықтағы ұсынысты күшейтіп отыр. Жалпы алғанда, ұсыныстың сұраныстан асып түсуі бағаның төмендеуіне әсер етеді.

Қорыта келе, Қытай мен Канада сияқты ірі мұнай импорттаушылары мен экспорттаушыларына әсер ететін сауда кедергілерінің жаңа айналымы және оған жауапты шаралары керісінше белгісіздік тудырып отыр.

Нақты өзгерістерді ескере отырып, 2025 жылға арналған болжамның сценарийі жоғарыға қарай түзетілді, яғни Brent маркалы мұнай барреліне 73 доллар болады, ал 2026-2027 жылдары барреліне 70 доллар деңгейінде қалады деп күтеміз.

* * *

Енді болжамға тоқталайын.

Инфляцияға берген бағамыз бүкіл болжамды кезеңге, яғни, 2025-2027 жылдарға өсу жағына қайта қаралды. 2025 жылы инфляция 10-12%, 2026 жылы – 9-11% аралықта болады деп күтілуде. Ал 2027 жылға таман ақша-кредит саясатының дезинфляциялық әсері айқынырақ болып, инфляцияның 5,5-7,5%-іне дейін баяулауы күтілуде.

Осы кезеңде **инфляцияның тұрақты бөлігі**, яғни реттелетін бағалар мен басқа да құбылмалы компоненттердің әсерін ескермей, **5%-тік таргетке жуықтайды.**

Бағаны қайта қараудың негізгі факторлары, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жанар-жағармай бағасын белгілеу және салық-бюджет саясаты, оның ішінде қосымша құн салығы салаларында жүргізіліп жатқан реформалардың ықпалына байланысты. Олардың жиынтық әсері теңгенің әлсіреуімен және шамадан тыс сұраныспен қатар 2025 және 2026 жылдары инфляциялық қысымды қолдайды. Бұл инфляцияның таргетіне қайта оралуын қамтамасыз ету үшін бізден қалыпты қатаң ақша-кредит шарттарын сақтауды талап етеді.

2026 жылы қосымша құн салығының өсуі қысқа мерзімді кезеңнің өзінде біздің алдын ала бағалауымыз бойынша инфляцияның 2 пайыздық тармаққа өсуіне алып келеді, бұған Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты шараларымен әсер ете алмайды. Болжамға сүйенсек, мемлекеттік бюджеттің Ұлттық қорға тәуелділігі төмендейді. Сіз Үкіметтің мұндай жоспарынан хабардарсыз, яғни – Ұлттық қордан аударылатын

трансферттерді қысқарту есебінен ҚҚС-ты көтеру. Бұл экономикадағы артық сұранысты қысқарта отырып, инфляциялық әсерді азайтуға жұмыс істейді. Ал біз фискалдық параметрлерді, оның ішінде Үкіметтің Ұлттық қордан қаражат алуын азайту жоспарының нақты іске асырылуын, реформалардың базалық инфляцияға әсерін және оның салдарын қадағалап отыруды жалғастырамыз.

Жалпы алғанда, макроэкономикалық саясаттың баланста болуы – өте маңызды фактордың бірі. Шығыстар мен трансферттер көлемі, фискалдық шоғырландырудың қорытынды параметрлері сұраныстан туындаған проинфляциялық қысымның ықпалын айқындайды.

Салық-бюджет саласында талқыланып жатқан реформалар жалпы фискалдық саясатты қазіргі жұмсақ/ынталандыру аймағынан қатаңдау аймаққа шығуға мүмкіндік беруі керек. Осылайша, болашақта ақша-кредит саясатын жеңілдетуге жағдай жасалады. Қарапайым тілмен айтқанда, фискалдық саясат қатаңдаған сайын, жалпы макроэкономикалық тепе-теңдікті сақтау үшін ақша-кредит саясатын жұмсарту көзделіп отыр.

Енді инфляцияны болжаудың негізгі тәуекелдеріне тоқталайын. Оларға Ресейдегі инфляцияның жылдамдауы, ішкі сұраныстың өсуі, инфляциялық күтулердің жоғарылауы, қосымша құн салығының өсуі және жанар-жағармай бағасын белгілеу реформаларынан кейінгі салдардың күшеюі жатады.

Белгісіздіктің орын алуынан жанар-жағармай реформасының параметрлері, оның қарқыны мен ауқымы қоса туындайды.

2025-2026 жылдары Қазақстан **экономикасының өсу болжамы** 4,2-5,2% деңгейінде болады.

Негізгі түзету себебі мұнай өндіру көлемінің сценарийлік қысқаруымен байланысты. Бұған дейін 97,2 млн тонна деп болжанған болатын, енді Үкіметтің жоспарына сәйкес елімізде 96,2 млн тонна мұнай өндірілмек.

Сонымен қатар, тұрақты ішкі сұраныс пен мұнай секторын қалпына келтіру орта мерзімді кезеңде **экономикалық белсенділікті** қолдауға мүмкіндік береді.

2027 жылы салық-бюджетті шоғырландыру аясында жалпы ішкі өнімнің өсуі әлеуетті деңгейге жақындап, **4,5%-ке** дейін баяулайды. Бұл экономиканың барынша теңгерімді дамуын қамтамасыз етіп, инфляциялық қысымды төмендетуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, Үкімет жоспарлап отырған құрылымдық реформалардың, оның ішінде негізгі капиталға инвестицияларды ұлғайту, тікелей шетелдік инвестицияларды тарту және экономиканы либерализациялау бойынша табысты жүзеге асырылуы аясында нақты өсім біршама жоғары қалыптасуы мүмкін. Айта кетейін, біздің болжамымыз эконометрикалық модельдеудің нәтижесі саналады және ол сапалы институционалдық реформалардың әсерін толықтай ескере алмайды. Дегенмен, оның оң әсері болатынына үміттенеміз.

* * *

Құрметті журналистер!

Жиналған деректер инфляциялық қысымның жоғары екенін көрсетеді. Инфляция қазір әбден орнығып алды, тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына әсер ете бастады.

Ішкі сұраныс ұсыныс мүмкіндіктерінен асып түсті. Алдағы жылдары инфляция динамикасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі ретінде ТКШ, ЖЖМ және салық саясаты салаларындағы реформалардың әсері едәуір күшейді.

Бұл – қажет шаралар және инфрақұрылымды жаңғыртуға, мемлекеттік қаржыны нығайтуға әрі экономикалық өсімге жағдай жасауға бағытталған.

Ұлттық Банк өз мандаты шеңберінде **инфляцияның монетарлық құрамдас бөліктеріне** қатты назар аударады. Тұтынушылық кредиттеудің жедел өсуі негізгі үстеме мақсат болып қала береді. Өткен жылы ол 33,5%-ке жетіп, корпоративтік кредиттеу қарқынынан асып түсті, тұтынушылық сегментте шамадан тыс өскенін көрсетті. Мұндай теңгерімсіздік енді тек инфляциялық фактор шеңберінен шығып, қаржылық тұрақтылық мәселесіне айналуда. Біз тұтынушылық кредиттеудің өте жоғары қарқынмен өсіп жатқанын байқаймыз, бұл нақты және номиналды жалақының, сондай-ақ халықтың нақты және номиналды табысының өсу қарқынынан айтарлықтай асып түседі. Мұндай жағдайда ақша-кредит саясатында қолданылатын құралдар аздық етеді.

Тұтынушылық кредиттеу секторының шамадан тыс өсуіне жол бермеу үшін Ұлттық Банк Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігімен бірлесіп қосымша пруденциялық шаралар қабылдайды. Атап айтқанда, халыққа кредит беру үшін **секторлық контрциклді капитал буфері** енгізіледі. Бұл – банктер үшін белгілі бір деңгейде «қауіпсіздік жастығы». Ол тұтынушылық кредиттер беру кезінде оларды капитал резервінің бір бөлігін жинақтауға міндеттейді.

Бұл шараның мақсаты — тұтынушылық кредиттеу нарығының шамадан тыс өсу қаупін төмендету және қаржы жүйесін орын алуы мүмкін дағдарыстан қорғау. Екінші деңгейдегі банктер 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жаңа талаптарды орындайды. Яғни, оларға қажетті резервті жинақтау үшін 12 ай уақыт беріледі. Бұл шара қолданыстағы капитал жеткіліктілігі нормативін толықтырып, жүйені тұрақтырақ етеді және банк ресурстарын тұтынушылық кредиттеуден корпоративтік кредиттеуге қайта бөлуге ынталандырады.

Қазіргі және болжамды инфляциялық процестердің жеделдеуі жиынтық ақша-кредит талаптарын айтарлықтай жеңілдетті.

Осыған байланысты Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені көтеру туралы шешім қабылдады. Мұндай шешім шығарылмаған жағдайда саясат жеңілдей түсіп, инфляциялық қысымның одан әрі ұлғаюына және инфляцияның күшеюіне алып келеді.

Қазіргі талаптарда ақша-кредит саясатының жеңілдеуі оңай емес, бұл макроэкономикалық деректермен ғана емес,

қоғамдағы жағдайды зерттеу кезінде де расталды. Ұлттық Банктің тапсырысы бойынша кәсіби социологиялық ұйым жүргізген тәуелсіз әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, депозиттік мөлшерлемелер 14%-дан 10%-ға төмендеген жағдайда салымшылардың тек 46%-ы өз қаражаттарын теңгеде сақтауға дайын, ал 54%-ы оларды шешіп алуды жөн көреді. Егер депозиттік мөлшерлемелер төмендей бастаса, көпшілік теңгелік депозиттерден қаражатын алып, жұмсағанды құп көретін болады. Негізгі бағыттар – валюта активтері, яғни валюта сатып алу, өтімділіктің жылжымайтын мүлік пен ұзақмерзімді тұтыну тауарлары нарығына ауысуы және жалпы тұтынуға жұмсалуды. Бұл, сөзсіз, қазіргі уақытта депозиттерде сақталған артық теңгелік массаның пайда болуына әкеледі, ол көптеген тауарлар мен қызметтердің бағасына айтарлықтай әсер етеді.

Біз осы зерттеудің нәтижелерін дәл бүгін жариялауымыз керек, сондықтан онымен толығырақ танысуға мүмкіндік болады.

Сондықтан инфляцияның күшею тәуекелін болдырмау үшін жүйелі түрде әрекет ету қажет.

Жоғары базалық мөлшерлеме Ұлттық Банк тарапынан **өтімділікті реттеу құнын** арттыратынын түсінеміз.

Осындай әсерді барынша азайту үшін Ұлттық Банк **екінші деңгейдегі банктер үшін ең төменгі резервтік талаптарды** барынша қатаңдатуды жоспарлап отыр. Қарапайым тілмен айтқанда, МРТ – бұл банктердің Ұлттық Банктегі шоттарында

сақтауға міндетті қаражаттың бір бөлігі. Бұл өтімділік пен ақша нарығындағы мөлшерлемелерді тиімді басқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта банк жүйесінде артық қаражат байқалады, олар көбіне тиімсіз пайдаланылады – олардың едәуір бөлігі экономиканы кредиттеуге бағытталмай, Ұлттық Банктегі депозиттер сияқты тәуекелсіз құралдарға орналастырылып жатыр. Бұл өз кезегінде сұранысты арттырып, инфляцияның қосымша монетарлық талаптарын қалыптастырады.

Әлдеқайда қатаң МРТ енгізу өтімділіктің артық мөлшерін тиімді түрде сіңіруге және экономиканың өнімді бөлігіне тартылмаған қаражат көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, ең төменгі резервтік талаптарды түзету теңгерімді ақша-кредит саясатын қалыптастыра отырып, инфляцияның монетарлық факторларын төмендетуге ықпал етеді.

Ұлттық Банктің негізгі мөлшерлемені көтеруі – **инфляцияны тиімді бақылау жолындағы батыл шешімнің** Ол және біздің басты мандатымыз.

Бұл инфляциялық күтулерді төмендету арқылы экономикалық ортаны тұрақтандыру үшін уақтылы шешімдер мен шаралар қабылдауға дайын екенімізді растайды.

Нәтижесінде ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар инвесторлар үшін тартымды бола бастайды, өйткені олар инфляцияны төмендету мақсатына жету жолындағы сенімділікті арттырады. Яғни мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын кірістіліктің артуын да күтпейміз.

Ұлттық Банк болашақта күтпеген өзгерістерді болдырмау үшін саясатты қазір қатаңдатып отыр. Инфляцияны 5%-ке төмендету траекториясына қайтару уақыт өте келе біртіндеп жеңілдетуге мүмкіндік береді, бірақ оның мерзімі нақты баға динамикасы мен тәуекелдер теңгеріміне байланысты. Біз тәуекелдерді талдауға және нақты деректерге сүйене отырып, жүйелі және нақты әрекет ететін боламыз.

Ұлттық Банк инфляциялық процестерді бәсеңдету үшін мөлшерлеменің ағымдағы өсуінің жеткіліктілігін бағалайды және келіп түскен макроэкономикалық деректерді мұқият талдауды жалғастырады. Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан кейінгі шешімдер инфляцияның нақты динамикасының болжамды траекториясына және елімізде баға тұрақтылығы үшін тәуекелдердің жалпы теңгеріміне сәйкестігі негізінде қабылданатын болады.

Назарларыңызға рақмет!

Енді Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.